

**Петропавл қаласында 2015 жылы екінші дақыл айналымына басым ауыл шаруашылық дақылдарын егудің оңтайлы мерзімдерін анықтау туралы**

*Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық әкімдігінің 2015 жылғы 17 шілдедегі № 1305 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 19 тамызда N 3351 болып тіркелді. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 29 ақпандағы N 451 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің 29.02.2016 N 451 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар – жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық – материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 4-3/177 бұйрығымен бекітілген Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар – жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық – материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау қағидаларының 10-тармағына сәйкес Петропавл қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Петропавл қаласында 2015 жылы екінші дақыл айналымына басым ауыл шаруашылық дақылдарын егудің оңтайлы мерзімдері анықталсын, қосымшаға сай.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары С.Н. Смаиловаға жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жариялаған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2015 жылғы 1 маусымда пайда болған кезіне сәйкес жарияланады.

## **Петропавл қаласында 2015 жылы екінші дақыл айналымына басым ауыл шаруашылық дақылдарын егудің оңтайлы мерзімдерін анықтау туралы**

№ р/р	Дақылдардың атауы	Егу мерзімдері
1	Қияр	2015 жылғы 1 маусымнан 30 қыркүйек аралығында